

1. Жақып Мырзақанұлы «Қазақ халқы және оның салыт-санасы» ШҰАР Халық баспасы. 1992ж.
2. «Қазақтың бейзаттық мәдени мұраларын зерттеулер» ШҰАР халық баспасы. 2009ж.
3. «Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері» ШҰАР Іле халық баспасы 2006ж.

* * *

Казахские национальные наряды.

* * *

The Kazakh national dresses.

Г. Бақытбекқызы

ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТӨРКІНІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қазақ мәдениеті – адамзат мәдениетінің бір бөлігі. Қазақ халқымыздың сонау ерте кезден қалыптасқан дәстүрлі мәдениетінің бірі болған Қазақ ою-өрнектерінің төркіні және дамуы жөнінде сондай-ақ Қазақ ою өрнегінің өзіне тән ұлттық ерекшелігін сақтай отырып дәуірмен бірге дамып бүгінгі таңдағы қоғамдық рөлінің барынша доғарлағандығы туралы аз аялдау.

Бір ұлттың қалыптасуы әрине белгілі бір ұзақ тарихи даму барысында қалыптасады. Яғни ортақ тіл ортақ мәдениет ортақ тоғысу барысын кешіру арқылы біртіндеп қалыптасады. Сол сияқты қазақ ұлтымыздың қалыптасу тарихы да өте ұзақ. Бір ұлыт болады екен оны өзге ұлтпен салыстыру үшін ең әуелі оның ғасырлар бойы жалғасқан ұзық мәдениеттерін тілге тиек етуіміз керек, сондықтанда қазақ ұлтымыздың қандай бір ұлт екендігі әрине оның мәдениетінің даму өресімен өлшенеді. Сонымен, қазақ ұлты ауызға алынса болды өзге ұлттардың ойына көшіп-қонып жүретін мал шаруашылығымен шұғылданып отырған көшпенді ұлттардың бірі болып елестейді. Расында сонау ата-бабаларымыздан тартып қалыптасқан көшпенді ұлт екеніміз шындық, яғни қазақтың тегіне тығыз қатысты ерте заманғы ру тайпалық, ұлыстық елдердің негізінен мал шаруашылығымен шұғылданып өтетіні рас, Алайда қазақ халқымыз көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданып ғана қалмай сонау ерте кезден–ақ басқада сан салалы кәсіптермен соның бірі болған қолөнер кәсібіменде шұғылданған еді. қолөнер кәсіптің өзі сан алуан түрлерге бөлінеді. Соның ішіндегі күні бүгінге дейін өзіндік ұлттық ерекшелігін тіптіде сәулелендіріп дамытып келе жатқан қазақтың ұлттық ою-өрнектері жөнінде яғни қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерінің төркінімен дамуы туралы тоқталғым келеді.

қазақ ою-өрнегінің төркіні.

қазақтың ою-өрнегінің қалптасуы қазақ ұлтының ең негізгі ұлттық символы саналады.

бізге мәлім, жалпы ою-өнері дүние жүзінің көп халықтарына тән, дегенмен қазақ халқының ою-өрнегінің өзіндік ерекшеліктері бар. дүниенің қайсы бір түкпірінен болмасын қазақ ою-өрнегін корген жерден тануға болады. қазақ ою-өрнегі ата-бабаларымыз мәдениеті ішіндегі 4000 мың жылдан бері бірден-бір тегін жоймаған, қаймағын бұзбаған дәстүрлі өнері басқа мәдениет атаулының барлығы мәлім бір уақытта, белгілі себептерден өзгерске ұшырады. Сондықтанда қазақ ою-өрнегінің тарихын зерттеу, қазақ ұлты және оның мәдениетін, тарихын тануда аса келелі маңызға ие.

Қазақтың ата тегі саналатын тайпалармен ұлыстар, негізінен, сақтар, үйсіндер қаңлылар, аландар және ғұндар деп есептеледі. Ал кейінгі дәуірлерде түркілер, оғыздар, қыпшақтар қосылған. Қазақ ұлтын құрған түрлі ру тайпалар ұқсамаған мезгілдердегі өріс констары ұқсамаған. сонымен олардың тарихтан бұрынғы ізі түскен мекендері Евразия даласын да бұдан да кең аумақты шарптитындығы даусыз деп зерттелген. Сондықтан қазақ ою-өрнегі түп төркінне үңілсек, қазақ ою-өрнегі келіп шығу төркіні оның байырғы шығыс азия ою-өрнегімен болған байланыстығын көруге болатындығын археологиялық қазбалар дәлелдеп отыр.

Қазыргі қазақ ою-өрнегіне ең жақын ою-өрнектің ең көнесі Шаң жаяң өзеннің орта төменгі ағарындағы Қытайдың Хунан өлкесінің Ниң Шяң ауданында табылған Шаң патшалығы дәуірінің соңғы мезгілінде осыдан 3100-3200 жыл ілгері жасалған қола даңғара (сол замандарда қолданлған софиялы күй аспабы) бетіне салынған ою-өрнек шығыс азия жеріне осы түрдегі ою-өрнектің бұданда бұрынға көптеген үлгілерін көруге болады. Ал бұл даңғараның сыртындаға өрнек солардың ішіндегі ең бір қазіргі қазақ ою- өрнегіне ұқсастық жағанан да уақыты жағынан да, салстыруға болатын ерте заман ою-өрнегінің бұндай үлгісі жолықпайды. сондықтан

қазақ ою-өрнегінің одан да арғы төркіні іздеуге тура келген. Сонымен, Хунан Ниңчиядағы даңғараның сыртына салынған ою-өрнектегі екі көздің нобайын оның тура қарап тұрған хайуанаттың бет өрнегі екендігін аңғаруға болады. Егер осы өрнектен екі көзді шығарып салғанда, кілең обстракт түрдегі қазіргі қазақ ою-өрнегінің өзі келіп шыққан. Бұдан мынадай екі түрлі қортындыға ие болған. Біріншіден, осыдан 3000жыл ілгері хайуанаттың бет өрнегі бүкілдей обстракт ою-өрнекке айнала бастаған. Екіншіден, хайуанаттың бет өрнегі негізіндегі қазақ ою-өрнегі осы мезгілде қалыптасып болған.

Шынын қуғанда Ниңчиядан табылған қола даңғарадағы ою-өрнек қола құралдар дәуіріндегі Шығыс Азия жеріндегі қола құрал ою-өрнегінің барлық ерекшеліктерін өз бйына жинаған ең бір таңдаулы үлгі еді. Шығыс Азияда қола құрал ою-өрнегінің бұдан да ары бес ғасырлық тарихы жатқан еді.

Егер қола құралдар ою-өрнегінің жүлгесін, Хунан НиңЧиядан табылған даңғарадағы хайуанаттың бет өрнегінің қазақ ою-өрнегіне ұқсайтын түрінен ары қуалайтын болса, хайуанат бет өрнегінің Орта жазық және оның шығыс жарты шеңберін орап жатқан өңірлердегі тұтас қола құрал ою-өрнегінің негізгі тұлғасы екендігін байқауға болады. Қола құралдарынан да ары қарай ізденетін болса, бұл өрнектің дерегін (хайуанат бет өрнегі) қола дәуірінен бұрынғы қыш ыдыстар, қас тасы бұйымдарынан тіпті оның ең арғы сорабын солтүстік далаларындағы жартас суреттерінен табуға болған. Сонымен, қазіргі қазақ ою-өрнегі мен байырғы Шығыс Азия құралдары ою-өрнегінің төркіндес екенін дәлелдеп шыққан. Сондықтан қазақ ою-өрнегінің қалыптасу барысын жартас суреттерінен “жартас мәдениеті” нің жалғасы болған қола ою-өрнегінен жалғасты қарауға болады.

Сондықтан архелогиялық деректерге негізделгенде, Ората жазық ою-өрнегі бүгінгі қазақ ою-өрнегіне жақын екендігі дәлелденген. Яғни қола ою-өргенінде көп кезігетін ою нұсқаларын қазақ ою-өрнегін салыстырса, бұл екі дәуір, екі өңір ою-өрнегіндегі жақындықты салыстырып, саралап жатудың Ешқандай қажеті жоқ болған. үйткені: бұлардан ешқандай бөтендік айырмашылық табудың мүмкіндігі аз болған. Архелогиялық деректерге өрағанда байрғы Орта жазық ою-өрнегі мен қазақ ою-өрнегінің жоғарғыдай ұқсастығында тарихи жалғасымдылықтың барлығын байқауға болған. Мысалы, қазақ даласы мен Орта жазық мәдениетінің тарихи байланысы ең алғаш Инесей өзенінің орта жоғарғы ағарындағы Андронов мәдениетінен (б.з.б 2000

жылдықтың орта мезгілі), яғни осыдан 3500 жыл арыдан басталады. Андронов мәдениетіне тән қазындылардан шыққан ақ қас тасы бұйымдары б.з.б 15-16 ғасырлардың туындылары болып, Орта жазықтағы Чаң-Иын мәдениетінің әсеріне ұшырағандығы байқалған. Қысқасы, Чаң-Иын заманындағы Орта жазықпен қазақ даласының Солтүстік шығыс бөлегі ерекше қою мәдени байланыста болғандығы, осы мезгілде қытайдың солтүстігінен көп халықтың Инесей бойына көшкендігі ғылым саласында әлдеқашан айтылып жүрген мәселе. тағы бір деректерде үйсін молаларынан шыққан ою-өрнектері 19-ғасырдағы қазақтың ою-өрнектерімен ұқсас шыққан екен. Тағы бір Архелогиялық қазбаларда ежелгі Алтай көшпенділерінің өнеріне кеңінен тараған үлгі бір бұйымның өзіне көптеген жануарлар мен құстардың белгілерін біріктірген ғажайып мүсіндермен (өрнектермен) безендірілген үлгілірі табылған. (бұл Чаң дәуірінің соңғы кезіндегі қола өрнек стилі) ондағы ат әбзелдеріндегі ою-өрнектердің қазыргы қазақ ою-өрнектерімен бірдейлігі тіпті бір шебердің қолынан шыққандай ұқсастығы кімде-кімді таң қалдырмай қоймаған. Және де Тұрпанның безгелек сағасындағы будда дінінің өңір ғибадатқанасының қабырғасына және төбесіне сызылған өрнектерде қазыргі қазақ сырмақтарына салынытын мүйіз оюлардың үлгісі кездескен: Алтын таумен Чиланш тауының түйлісіндегі байырға Дуңхуаң будда ордасына салынған әйгілі әсем өрнектерде қазақ ою-өрнегінің үлгілері жолыққан. Міне осындай орта жазық өңірінен табылған қола құралдары орта жазықтың орталық аймағындағы өзіндік өңірлік ерекшелікке ие болып, ол орта жазық өңірінің басқа аймақтарынан жолықпаған. әрі сол қола құралдарының бетіне салынған хайуанат бет өрнегі қазақ оюына ұқсастығы басқа әр қандай қола бұйым өрнегінен өзгеше болған, және бір адам таңғаларлық зеріттеулерде әсілі, Миязулар ұлттарының арғы аталары неше мыңдаған жыл бұрын Чаңжиаңның орта, төменгі ағарының шығыс оңтүстік теңіз бойларын мекендеген екен. Сонымен аңыздарда айтылуынша Миязулардың арғы аталары орта жазық және оның сүлтүстігіндегі халықтармен қою тарихи байланыста болған. Олар ұзақ уаоыттық жаугершілік салдарынан біртіндеп батыс оңтүстіктен (негізінен Уинан, Гуйжу жеріне) көшіп кеткен екен. Бірік арада неше мың жыл өткеннен кейін қазіргі Миязулардың ұлттық ою-өрнегін ақтаратын болсақ, іштен айна қатесіз қазақ ою-өрнегін жолықтыруға болады екен.

Жоғардағыларды қортып келгенде, солтүстік жартас суретінен бастау алған қазақ ою-өрнегінің ең арғы мекені Қытайдың шығыс солтүстігіндегі және Хуанқы мен Чаңжиаңның төменгі ағары деген түжірім жасауға болады. тариқшылардың бір тобы Чаң мәдениетін алғаш пайда болған жері Қытайдың шығыс солтүстігіндегі немесе шығыс теңіз жағалауы деп дәлелдеген. Біздің ата-бабаларымызда осы өңірде болып, осы мәдениетінің алғашқы нұсқаларын бірге жасасқан болуы мүмкін, қазаққа Чунцю дәуірінен кейін қалыптасуы мүмкін емес деп дәлелдеген, үйткені бұдан кейінгі заманда орта жазық жерінде байырғы қола ою-өрнектер әлі күнге дейін жалғасып келген. сондықтан кейбіреулердің қазақ ою-өрнектерді басқа біреуден алған деген қате көзғарастан аулақ болуымыз қажет деген көзғарасты ортаға қойған. Сонымен тарихи, ғылыми деректер негізінде талдау жасай келіп қазақтың ою-өрнегінің төркіні анау арғы замандардан бастау алатындығын дәлелденген.

Қазақ ою-өрнегінің дамуы.

Ұлт мәднниетінің дамуын қоғам дамуына ілесе төмен сатыдан жоғары сатыға өрлейтін, күн сайын байып кемелдене беретын барыс деп түсінуіміз қажет. Қазақтың ою-өрнектенінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Яғни сонау ерте кезден бастап адамдар өзі тұтынатын бұйымдарға немесе жасаған ортасына түрлі белгі таңба, немесе сурет өрнектерін сала білуі адамзат мәдениетінің тарихындағы төңкерістік мәнге ие бұрлыс еді. Үйткені ол адамзат сана сезіміндегі тың бір белеске секірудің яғни адам баласы өз ойын қиялымен, тілмен білдіруден кейін, таңбамен түрлі өрнектерді де қамтыйды. Мұндай нақтылы объектілерді білдіретін образдық таңба немесе өрнектердің бір бөлегі күндер өте келе кілең әменгерлік мәнге ие Ою-өрнекке айналды. Қазіргі қазақ ою-өрнегі дәл осындай дамудың туындасы әрі ең көнесі болатын, ол біздің ата-бабаларымыздың жаратылсты қоғамды тануының жәй танымынан жоғары дәрежеге эстетикалық танымға жоғары дәрежедегі обстракт, эстетикалық танымға тым ертеде көтерілгендігінің белгісі болған, міне осылайша, көшпелі тайпалар өнерінің ықпал әсерінен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі-бір жүйеге түскенін айқын аңғаруға болады.

Қазақ ою-өрнегін ең алғашқы жартас суреттерінен қола өрнегіне одан қазіргі қазақ ою-өрнегі сияқты өрнекке өтуде мынадай бірнеше түрлі заңдылықтарды бастан кешкен.

1, таралу бағыты солтүстіктен оңтүстікке қарай.

2, мезгілдік жақтан ең алдымен жартас суреті, онан соң қыш ыдыстарға, қас тасы бұйымдарына және қола құралдарға ауысқан.

3, бейнелеу өнері жағынан, әуелі нақтылы заттарды бейнелеу, әсерелеу, әшекейлеуге өту, одан соң көркемөнерлік бейнелеуге көшу, соңында кілең обытракт ою-өрнекке айналу барыстарын басқан.

4, танымдақ жақтан жартас суреттеріне қыш, қас тасы және қола ою-өрнектеріне үңілсек біз ата-бабаларымыздың жаратылысты жәй танудан оның сырына өңілу, ғажайып, тілсім, құдыретті сыртқы күштің барлығын сезіні, оған табыну, өзіне төтем тұтуға өткендігін сондай-ақ оның өз сезім түйсігін ой-қиялы бойынша бейнелеу алып барғанын байқайсыз, сондай-ақ жартас суреттерінен қола ою-өрнектеріне дейінгі өзгеріс барысыннан адамдардың қоғамдық және жаратылстық танымының барған сайын тереңдей түскендігі аңғарылады.

Қазақ ұлты ислам дінне сенгеннен кейін ою-өрнектеріне нағыз хайуан кескінін тұтас бермеседе соған жақын кескіндер немесе хайуанның бейнелі мүсінін оюып сызатын әдеті қалмаған. Сондақтанда бүгінге дейін жалғасып келе жатқан, қазақтың ою-өрнегінде «иірім», «ширшық», «қос ирек», «қошқар мүйіз», «түйе табан», «бота көз», «қос өркеш», «қос қанат» т. б. аттардың қазірге дейін аталып отырғаны бұлардың сонау Фун, Үйсін заманындағы ою-өрнектердің жалғасы екенін көрсетеді.

Ал бүгінгі таңда қазақ ою-өрнектері сонау ерте замандағы үлгісінен барынша көркемде, ықшамды, нәзік болып сомдалған, демек ежелгі замандардан пайдаланып жасалған киіз үйдің есігінен аттап кірмей жатып- ақ оюлар әлеміне саяхат басталады. Міне бұл оның айғағы есептеледі. Қазақ ою-өрнегінің дамуы, қазіргі дамыған бәсекелі заманда өзінің ұлыттық ерекшелігін сақтай отырып, дәуірмен бірге дамып түскен. Яғни қазақ әйелдері арасында он саусағынан өнер тамғанөнерпаздарымыз да баршылық. Олар ою-өрнектіңнеше түрлерін тапқырлаған. Тіпті небір шеберлеріміз қазақтың жійек өнерін компьютерде жасау әдісін де тапқырлаған. Сондықтан, біз қазақтың ою-өрнегінің дамуы бүгінгі таңда төмендегідей бірнеше қоғадық рөлға ие деп айтамыз.

Баршамызға аян біз күнделікті тұрмыста қазақый ою-өрнектерден айырыла алмаймыз, яғни тұтыныу бұйымдарын әшекейлеуде болсын орны кем болса болмайды.

Бір ұлыттың қалыптасуы мен дамуы сөзсіз оның мәдениетімен тығыз қатысты. Сондықтан қазақ ұлты ұлыт болып мәңгі дамайды екен.

Сөзсіз ұлыт мәдениетін сақтауы, ұлыттық ерекшелікті сәулелендіріу керек, қазақ ұлтының мыңдаған жылдар бойы тегін жоймай келе жатқан қымбатты мәдениет қазынасының бірі болса ол әрине қазақ ою-өрнегі саналады. Сондықтанда қазақ ұлтының ұлттық мәдениетін дамытуда маңызды рөлға ие.

Ұлытмыздың сан-ғасырлар бойы ғасырлар бойы жалғасып келе келе жатқан көптеген мәдениеттеріне неше мыңдаған жылдар бойы мұрагерлік еткені сияқты, байырғы ою-өрнекке бүгінге дейін қаймағын бүзбай мұрагерлік етіп келеді, әрі халықымыздың ою-өрнек өнері қазірге дейін қайта түлеп, бай мазмұнмен жана түр тауып, материалдық және рухани қазынамызға айналып отыр, сондықтан ұлтымыздың осындай

бір тарихы өте арыдан болған ұлыттық өнерімізді, бұдан кейінде дамытып, қоғам дамуына сай, одан ары ұлыттық бойауы қанық нақыштарға толтыра берейік.

1. «Алыстағы ата мұра» Ясин Құмар, ШҰАР Ұлыттар баспасы, 2003ж. 1-басылым.

2. «Қазақ халықы және оның салыт-санасы» Жақып Мырзақан, ШҰАР халық баспасы, 1992ж. 1-басылым.

3. «Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері» Бақыт Әлболат, ШҰАР жастар-өрендер баспасы 2006-ж. 1-басылым.

4. «Қазақтың салыт-дәстүрі» Ясин Құмар, ШҰАР халық баспасы 2006-ж. 1-басылым.

Происхождение и развитие казахских орнаментов и узоров.

The origin and development of the Kazakh ornaments and patterns.

Г. Бейсенқызы

ШАҢЫРАҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚЫНЫҢ ТУЫСТЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Қазақ ұлты - ұзақ тарихы, бай мәдениетті, өзіндік ерекше ұлыттық дәстүрі бар, ержүрек, еңбекшіл халық. Ұзақ уақыт судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуалай, көшіп қонып жүргендіктен көптеген сахара мәдениетін өз бойына сіңіріп, сақтап әрі дамытып келеді. Қазақ халқы алғашқы қоғамның ұйымдық формасын сақтаған ру-тайпа, үлкен-кішілі ұқсамайтын қандастық байланыс бойынша бірлескен адамдардың ортақ тұлғасы болды. Бір тайпа бірнеше руды қамтыды да рудағы көшпенді малшы отбастары қандық байланыс жуықтау негізде ауылды қалыптастырды. Үйткені қазақ халықы феодалдық қоғамға ертеде кіргендіктен, аз болмаған алғашқы қоғамның ғұрып-әдетін сақтап, туған-туысқандық атауда ерекше үлгі қалдырған.

Атамыз қазақ туыстық қатынасты байланыстығына қарата үш жақтан сабақтайды. Яғни, қазақта ержігітте үш жұрты болады дейді. Сондықтан, туыстық қатынастардың арасын үш жұртқа бөледі. Бірінші - өз жұрты, екінші-нағашы жұрты, үшінші - қайын жұрты. Бұларды жеке-жеке байандағанда;

Ата-жұрты дегеніміз әке жағынан туысатын жұрты. Бұнда қазақ халықы негізінен отбасын өлшем етіп. Туған-туысқандық қатынас бойынша барыс-келіс жасайды. Қазақтың отбасы негізінен дара некелік түзімде болып өз руыннан некеленбейді. Үйткені жеті ата ішінде туыстық

байланыс қатынастық қатынас болады. Сондықтан, Әкеңе қатысты туысты әдетте жеті ұрпақ бойынша тармақтайды.

Бұндағы жеті ұрпақ негізінен бел бала, немере, шөбере, өбере, туажат, шөп бермес, зауатты көрсетеді. Ал әулет бойынша болғанда Әкешеше әулеті. Аға-іні, әпеке-сіңілі әулеті. Ұл-қыз әулеті деп бөлініді, сол себепті қазақта «жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген мақал бар. Сондықтан, әкемен бірге туған ерлер жағынан тарайтын ұрпақтарды аталас-ағайындас туыстар, деп атайды.

Қазақ халықында, бір үйлі жан арасында тіпті алысырақ туыстар арасында да үлкендерді силау, кәрілерді құрметтеу, және бағып-қағыу сияқты, тамаша дәстүр атадан балаға жалғасқан, әсіресе үлбала қартайған әке-шешесін алақанына салып бағу борышты, балалар арасында кенжеұл қара шаңыраққа яғни үлкен үйге ие болады, бұндағы «қара шаңырақ» ұлы бабасының, атасының үйі, ұрпақтар жағынан ата-бабадан қалған әке шаңырағы. Сондықтан, кенжеұл әкешешесін бағуға міндетті, бұл шаңырақ сол атадан тарағандар үшін киелі, қасиетті орда есебінде қастерленіп бұл шаңырақта жасаған ата-баба аруағын қадырлейді. Алыс жақтан келген туыс-жекжат, төркіндеп келген қыз, нағашылап келген жиен, ең алдымен қара шаңыраққа келіп сәлем беріп дәм татып сиыбаға әкеліп құрметтелетін болған. Бұнда ата-